

«Бекітемін»

Мектеп директоры

Мауленова К.К.



«09» 09 2022ж

«Келісемін»

директордың тәрбие жұмысы

жөніндегі орынбасары

Аманжолова Г.Д.

«07» 09 2022 ж.

Ақмола облысы білім басқармасының
Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі
«Жаңажол ауылының негізгі орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

**«Жаңажол ауылы негізгі орта мектебі» КММ-нің оқу жылындағы тәрбие ісі
жұмысының жылдық жоспары
2022-2023 оқу жылы**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани дамуына қолдау жасаумен және денені дамытумен қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілуі тиіс.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиянды әрекеттерін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4) білім алушылардың субъективті жаңа білімдерді меңгеруі, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті меңгеруі, жалпыадамзаттық құндылықтарды тәрбиелеу мәселелерін шешуге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

(бағаланатын кезең үшін тәрбие жұмысының көшірмелері қоса беріледі)

Мектептегі тәрбие жұмысы жоспарланған және жүзеге асырылады.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын, "2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы" нұсқаулық-әдістемелік хатты іске асыру жағдайында;

Мектептің тәрбие жұмысының тақырыбы:

Рухани-адамгершілік тәрбие оқушының үйлесімді дамуының негізі ретінде қарастырылады.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруға ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымды қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;

Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;

Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау;

Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңартуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

О Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

О Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

О Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

О Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

О Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ козволуция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

О Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

О Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

О Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Дәстүрлі іс-шаралар арқылы мектеп оқушыларының жалпы мәдениетін дамыту және оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру.

Жоспарланған іс-шаралар мектептің тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттерін көрсетеді және оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Мектеп тақырыбы сынып жетекшілерінің, әдістемелік бірлестігінің "Оқытудың жаңартылған білім беру стандартына толық көшу жағдайында оқу үрдісін ұйымдастыруда заманауи көзқараспен қарау" тақырыбымен тығыз байланысты болды.

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

- Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру
- Рухани-адамгершілік тәрбие
- Ұлттық тәрбие
- Отбасылық тәрбие
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениеттерді тәрбиелеу
- Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мектептің тәрбие жұмысының жоспарын жасау кезінде білім алушылардың жас, дене, зияткерлік мүмкіндіктері, сондай-ақ олардың мүдделері де ескерілді. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің барлық қызметі ағымдағы кезеңге педагогикалық талдау, болашаққа да жұмысты жоспарлау негізінде мектеп жарғысымен, мектепті дамыту бағдарламасымен айқындалатын мектептің стратегиялық даму талаптарына сәйкес жылдық және перспективалық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

Әдістемелік бірлестікке 9 сынып жетекшілері кіреді.

Бір жыл ішінде ӘБ-нің 4 отырысы өткізілді, онда оқушының жеке басын зерттеу, үлкен, орта және бастауыш мектеп жасындағы жас ерекшеліктері, Ойын арқылы балалардың жеке қабілеттерін дамыту мәселелері қаралды, ашық жалпы мектептік сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар талқыланды.

➤ **Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру**

Аталмыш оқу жылының 1 қыркүйек - Білім күнін «Кел балалар, оқылық» тақырыбында салтанатты жиынмен бастадық. Жиында мектеп табалдырығын тарыдай болып аттаған 1 сынып оқушылары мен 9 сынып оқушылары қатысты. Кеңес ауылының әкімі мен мектеп директоры бүлдіршіндерге құттықтау тілегін жолдай отырып, «Әліппе» кітабын табыстады. Сондай-ақ кішкентай бүлдіршіндерімізге 9 сынып түлектері өлең-жырларын арнап, шағын сыйлықтарын берді.

Басқа сыныптар үшін алғашқы қоңырау мектеп кабинетінде өтті. Тәуелсіздігіміздің атаулы мерейтойына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» атты бірыңғай сынып сағаты өткізілді.

2022-2023 оқу жылында 1 қыркүйек – Білім күнін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына жария еткен Жолдауып Қазақстан халқымен бірге Кеңес орта мектебінің ұжымы болып ықыласпен қабыл алды. Президентіміздің еліміздің дамуы үшін жасалатын қадамдарды нақтылап айтуы көңілімізге қонды. Биылғы Жолдау мағыналы әрі ұтқышықтылығымен ерекшеленді.

ҚР Тәуелсіздігіміздің 31 жылдығына арналған «Тәуелсіздігіміз - басты құндылығымыз» атты жалпы қазақстандық ашық диктантқа мектебіміздің мұғалімдері мен қызметкерлері белсене қатысты.

Қыркүйек айының 6-17 күндер аралығында Тілдер күніне арналған онкүндікті өткізудің жоспары бекітілді. Онкүндіктің ашылу жиыны мен оқушылардың көңілін аударатын, қызығушылықтарын оятатын сан түрлі қабырға газеттері қойылды. Бұл шарада «Оқуға құштар мектеп» жобасы үлкен рөл атқарды. Кеңес орта мектебінің кітапханасында тілдер мерекесіне арналған «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты кітап көрмесі ашылды. Көрмеге 1-5 сынып оқушылары қатысып, қойылған кітаптармен жете танысты.

Карантиндік шектеулерге байланысты кейбір сайыстар онлайн форматта өткізілді. «Тіл – әр халықтың байлығы» атты көркемсөз мәнерлеп оқу сайысы онлайн форматта өтіп, жеңімпаздар әлеуметтік парақшаларда лайк және комментарий саны бойынша анықталды. Сайысқа 1-9 сынып оқушылары белсенді ат салысты. Жоспарға сәйкес әр пән мұғалімдері өздеріне жүктелген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараны абыроймен атқарды. Онкүндіктің жабылу салтанатында белсене қатысқан барлық оқушыларды марапаттап, шағын сыйлықтар табыс етті.

Оқушылардың патриоттық сезімін ояту мақсатында мектебімізде көптеген іс-шаралар өткізілді. Әр дүйсенбі күні жиында, сондай-ақ сынып сағаттарын ҚР Әнұранын шырқаумен бастаймыз.

«Мектептегі біздің құқықтарымыз бен міндеттеріміз» атты тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес бірыңғай сынып сағаты өтті.

Аталмыш оқу жылында Ы.Алтынсариннің 181 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде аталып өтті. Бұл шараға байланысты өткізген жұмыстарды атап өтсек. Тәрбие жұмысының жоспары негізінде «Ы.Алтынсарин мұрасы» атты бірыңғай сынып сағаты өткізілді.

«Қазақстанның бірінші Президентінің жолы» атты бірыңғай сынып сағаты өтті. 1-9 сынып жетекшілері сынып сағаттарында Елбасы туралы ақпараттар мен бейнсероликтер, фильмнен

үзінді көрсетті. Тұңғыш Президент күніне орай «Өмір өткелдері» деп аталатын кітап көрмесінде Н.Ә.Назарбаевтың қайраткерлік келбеті, бүгінгі қоғамдық жағдайда, ой-пікірлері атына келіп түскен үндеулер мен құттықтаулар, тілектері мен лебіздері жайында айтылатын кітаптар топтастырған мектебіміздің кітапханашысы Каликова М.С.

ҚР Тұңғыш Президенті және Тәуелсіздігіміздің 31 жылдық мерейтойына орай волейболдан аудандық жарыс өтті.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің атаулы мерекесінде мектебімізде көптеген іс-шаралар атқарылды. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес Республика көлемінде «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» атты бірыңғай сынып сағаты өтті. Барлық сыныптар бұл шараларда белсене ат салысты, 7 сынып оқушылары мерекеге орай өз құттықтауларын өлең арқылы жеткізді.

Іс-шарада ауыл тұрғындары мен ұстаздар, оқушылар арасында спорттық ойындар ұйымдастырылып, орын иелендірді. Соның ішінде спорт сайысының шахмат турнирінен жарыс өткізілді.

Тәуелсіздігіміздің 31 жылдығына орай көрші мектептер арасында аудандық волейбол сайысы өткізілді. Жеңіске жеткен командаларға жүлделі орындар табыс етілді. Аталмыш мереке қарсаңында республика көлемінде атап өтіліп жатқан акцияға Жаңажол негізгі орта мектебі де белсене ат салысты. «Терезедегі жалау» атты акциясы жүзеге асырылды. Мереке соңына дейін акция жалғасын тапты.

Мектебіміздің кітапханашысы бастауыш сыныптар арасында «Тәуелсіздік шежіресі» атты кітап көрмесі таныстырылды. «Еліміздің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты танымдық сабағы жоғары деңгейде атап өтілді. Бұл шараларда бастауыш сынып оқушылары тәуелсіздік мерекесіне арналған өлең шумақтарын арнады. Сонымен қатар «Бір ел – бір кітап» акциясының жоспары негізінде «Тәуелсіздігіміздің 31 жылдығына 30 кітап» атты кітаптар көрмесін ұйымдастырды. Бұл шараларда кітап көрмесіне қойылған әр кітаптың қысқаша мазмұны мен алатын орны туралы ақпарат берді.

Мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымы да мереке орай өз үлестерін қоса білді. «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» тақырыбында тәуелсіздікке жету жолдарындағы жетістіктерін атап өтіп, құттықтау тілектерін бейнеролик арқылы жеткізе білді.

«Тәуелсіздік – тұғырым» атты мерекелік кешпен қорытындыладық. Кеште 1-9 сынып оқушылары мен ұстаздар қатысты. Концертте Тәуелсіздігіміздің 31 жылдығына арнап кітап және колөнер көрмесі ұйымдастырылды.

Жемқорлыққа тақырыбына қатысты мектебімізде төмендегідей іс-шаралар атқарылды.

- «Жемқорлыққа жол жоқ» атты сынып сағаты;
- Халықаралық жемқорлыққа қарсы күрес күніне арнап өткізілген «Біз жемқорлыққа ЖОҚ дейміз!» атты акция ұйымдастырылды. Акцияға жауапты: Аманжолова Г.Д.
- «Жемқорлыққа бірге қарсымыз» атты кітаптар көрмесі. Жауапты: Аманжолова Г.Д..
- Оқушылар арасында жемқорлыққа қарсы ең жақсы жасалған коллаж немесе бейнеролик баулауы өткізілді. Бейнеролик жеңімпазын онлайн дауыс беру арқылы анықтады.
- «Жемқорлықпен қалай күресуге болады?» әңгіме-сұхбат.
- «Жемқорлыққа адамды не итермелейді?» атты әңгімелесу сабағы өтті.
- Жемқорлық тақырыбына қатысты «Пара алудан қорғану қаншалықты маңызды» атты эссе жазды.

- 5-9 сыныптар арасында «Жемқорлыққа қарсы күрес» әңгіме сағаты өтті. Жауапты: сынып жетекшілері.

15 ақпанда Ауғанстаннан әскерлердің шығарылғанына 34 жыл толды. Біздің мектеп үшін бұл күн Ауғанстанда қайтыс болған ауылымыздың батырларын еске алу күні болып табылады. Ауған соғысына қатысқан батырларды бір минуттық үнсіздікпен жалғасты. Мектеп кітапханасында "Батыр есімі мәңгі жадымызда" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда оқушылар осы тақырып бойынша әдеби шығармалармен таныса алды. Барлық сыныптарда "1979-1989 жж Ауған соғысы" тақырыбы бойынша бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Алғыс айту күнін мерекелеуге байланысты біздің мектепте бірқатар іс-шаралар өткізілді. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес 1 наурыз – «Алғыс айту» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өтті. 1-4 сыныптарда "Алғыс шекараны білмейді" атты бейнеқұттықтау жолданды, ал 5-9

сыныптарда "Алғыс айту - парызым" атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мектеп кітапханашысы "Алғыс шекараны білмейді..." тақырыптық көрмесін дайындады.

12 сәуір – Ғарышкерлер күніне орай көптеген іс-шаралар өткізілді. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес «Ғарышкерлер күні» атты бірыңғай сынып сағаты өтті. Сонымен қатар «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ғарыш туралы не білеміз?» атты танымдық сабағы өткізілді.

9-сынып оқушылары өз ойларымен бөлісіп, пікірлерін білдірді.

Мектептегі патриоттық тәрбие балалар мен жасөспірімдердің бойында жоғары патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық сезімін, азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын қалыптастырудың ажырамас бөлігі болып табылады. Осыған байланысты Кеңес орта мектебінде Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспары әзірленді. Мереке қарсаңында мектепте "Жеңіс туы мәңгі желбіресін!" атты сабақтары өтті. Балалар соғыс кезінде тылдағы және майдандағы қиын өмір туралы білді. Олар сондай-ақ өлең оқып, Отанымызды қорғайтын туыстары туралы айтты. "Жеңіс үшін атама РАХМЕТ!" тақырыбында бірыңғай патриоттық сынып сағаты өткізілді. Мұнда балалар өз мемлекетінің батырлары туралы білді. Осы мерекеге орай «Мәңгі ұмытылмас күн» атты кітап көрмесі өтті.

✓ *Рухани-адамгершілік тәрбие*

Мақсаты: "Рухани жаңғыру" құндылық негіздерін, жеке тұлғаның рухани адамгершілік және этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік қасиеттерін және қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін көзқарастарын, оның ішінде "Құндылыққа негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыруды терең түсінуді қалыптастыру.

Әлеуметтік бағыттағы бастама 2022-2023 оқу жылы қарсаңында, Жанажол ауылы негізгі орта мектебінде «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық шарасы бастау алды.. Аталған акция жыл сайын тұрақты ұйымдастырылып келеді. Бұл оқу жылында жалпы республикалық "Мектепке жол" акциясы аясында көп балалы және аз қамтылған оқушыларымызды мектеп жабдықтарымен қамтамасыз етті.

Акцияның негізгі мақсаты – мектепке балаларды жинау балалардың оқумен қамтылмауын анықтау, балалардың мектепке себепсіз келмеуінің алдын алу, аз қамтылған отбасыларға және балаларға қамқоршыларды бекіту болып табылады. Бұл ретте акцияның негізгі міндеттерінің бірі – барлық балаларды міндетті орта білім алу құқықтарымен қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен тарту. Мектебіміздегі аз қамтылған және көп балалы отбасыларына көмек көрсетілді.

Жыл бойы жыныстық қол сұғылмаушылық жөніндегі бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар өткізілді. Аудандық жоспарға сәйкес мектепте осы тақырып бойынша іс-шаралар жоспары жасалды. Ата-аналар қауымы үшін «Зорлық-зомбылықтың алдын алу. Отбасы, мектеп, қоғам мәселесі» жөнінде мектепшілік және ата-аналар жиналысында осы тақырыптар негізде әңгіме, сұхбат, бейнеролик көрсетіліп, ақпараттар берілді. Мектеп медбикесі Қошқарова З. қыздарға арнап ұлдар мен қыздар арасындағы достық туралы қарым-қатынасты түсіндіріп лекция өткізді. Мектеп психологы Киргизбай Т.К. ұлдарға «Қыздарды құрметтеу, сыйлау, көңілдеріне келетін жаман сөздерді айтпау» тақырыбында ақпараттық кеңес беріп, ұлдармен жеке жұмыс жүргізді.

«Ұстаз - ұлы тұлға» атты тәрбие жұмысының жоспары негізінде бірыңғай сынып сағатын сынып жетекшілері өткізді.

Атаулы күнде 9- сынып оқушылары өзін-өзі басқару жұмысын жүзеге асырды. Ұстаздар мерекесіне орай сынып сағаттарымен сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырды. Карантиндік шектеулерге байланысты мұғалімдер күніне орай бейне құттықтаулар, суреттер сайысы онлайн өткізілді.

Тәрбие жұмысының жоспары бойынша «Рухани келісім» атты бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Осы іс-шарада 5-9 сыныптар арасында

Қарттар мерекесіне орай мектебімізде көптеген іс-шаралар өткізді. Тәрбие жұмысының жоспары негізінде «Мейірімділік пен құрмет күні» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өтті.

Сондай-ақ бастауыш сыныптар арасында «Мен ата-әжемді сүйемін» тақырыбында фотосуреттер мен суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Көрме барлық оқушылар белсене ат салысты. Суреттердің ішінен ең үздік жұмыс анықталып, марапатқа ие болды.

1 қазан – халықаралық карттар күніне орай мектебіміздің барлық оқушылары ауылымыздағы ата-әжелерімізді құттықтап қайтты.

Жоғары сынып оқушылары мерекеге орай онлайн бейнеқұттықтау жолдап, әлеуметтік желіге жүктеді.

Алтын күз мерекесіне орай жасалған іс-шараларды атап өтсек. Бастауыш сынып оқушылары табиғат аясында серуендей жүріп, экскурсияға барды. «Күзгі орманға саяхат» тақырыбында экскурсия жүргізді. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары арасында қолөнер шебер бұйымдарының арасында сайыс өтті. Мектеп фойесінде оқушылардың жұмыстарынан көрме жасадық. Көрмеге барлық оқушылар белсеніп ат салысты. Көрмедегі жұмыстардың жеңімпазын анықтау мақсатында комиссия мүшелері құрылып, жеңімпаздар анықталды. «Ең үздік қолөнер жұмысы» номинациясы беріліп, мадақтама табысталды.

5-7 сыныптар арасында «Туған жердің пейзажы» тақырыптарында суреттер сайысы өтті. Ең үздік жасалған жұмыс анықталып, жеңімпаз марапатталды.

Карантиндік шектеулерге байланысты кейбір сайыстар онлайн өткізілді. Атап өтсек, «Ең жақсы күзгі салат» сайысы ұйымдастырылды. Қазанның 20-24 күндері аралығында өтті. Сайыстың жеңімпаздарын онлайн дауыс беру арқылы, лайк пен комментарий жазу арқылы анықталды.

Тәрбие жұмысының жоспары негізінде «Біз жемқорлыққа қарсымыз», «Ардақты анам» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өтті.

Мектеп психологы Киргизбай Т.К. бұл бағытта «Оқушылардың этикетті ұстануы», «Агрессиядағы өмір», «Ең бастысы үйдегі ауа-райы» тақырыбында эңгіме-сұхбат өткізді.

«Рухани жаңғыру» жобасы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Джунусова А.С. «Рухани жаңғыру – Болашаққа көзқарас» тақырыбында эссе байқауы өтті. Байқауда үздік эссе жұмысы анықталды.

Өзін-өзі таңу пәнінің мұғалімдері Есенбаев Е. Р. Мауленова Қ.Қ. бастауыш сыныптар арасында «Достық пен махаббат жайында менің ойым» атты ақпараттық-танымдық ашық сабағын өткізді. Бұл парада мектеп кітапханашысы да белсене ат салысты. Кітапхана меңгерушісі «Махаббат туралы әдемі сөздер» атты кітап көрмесін жасады. Ал мектеп тәлімгері Сариева Т.Ж. «Сұлулық пен денсаулыққа қамқорлық» атты суреттер көрмесін ұйымдастырды.

✓ **Ұлттық тәрбие**

Қыркүйек айы сынып жетекшілерінің Ыбырай Алтынсариннің 181 жылдығына және ҚР Тәуелсіздігінің 31 жылдығына арналған сынып сағатын өткізуден басталды. Сондай-ақ қыркүйек айында Қазақстан халқының Тілдері күніне арналған іс-шаралар өтті. Гуманитарлық цикл ӘБ мұғалімдері іс-шаралар жоспарын жасады.

06.09 тілдер онкүндігінің «Тілім менің тірегім» атты тақырыпта салтанатты ашылуы өтті. Қыркүйектің 6-сы күні плакаттар байқауы болды. Қазақ тілі мұғалімі Джунусова А.С. диктанттар байқауын өткізді. Сондай-ақ, " Басқа тілдерді біл, Өз тіліңді құрметте!" тақырыбында балалар орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде өлең оқыды. Үздік орындаушылар марапаттау сыйлықтарымен марапатталды.

1-5 сынып "Мемлекеттік тіл – менің тілім" атты кітаптар көрмесін өткізді. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Каржаспаева З.М. «All about me» атты 2-сыныбында ашық сабақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Рахимжанова Е.Б. «Қазақ тілі» өлеңі атты 7-сыныбында ашық сабақ өткізді. Орыс тілі пәнінің мұғалімі Абдықадирова Г.К. 6- сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік жетістіктері» атты, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Джунусова А.С. «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты қазақ сыныптары арасында көркемсөз оқу байқауы, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Каржаспаева З.М. «Knowledge is power» атты 6-7 сыныптар арасында викторина, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Абдықадирова Г.К. «Тіл – әр халықтың байлығы» 1-9 сыныптар арасында көркемсөз оқу байқауы, Джунусова А.С. өзге ұлт өкілдері арасында «Тіл – ұлт тірегі» атты сыныптан тыс іс-шара өткізді. Онкүндік 3 тілде "Тіл -

әр халықтың байлығы" тақырыбында жабылуымен аяқталды. Сондай-ақ, тәрбие жұмысының жоспары негізінде «Тіл – адамның жаны» атты 1-9 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.

Мерекеге орай 5-8 сыныптар арасында «Жазық дала – туған жер» эссе байқауы өтті. Жауапты қазақ тілі пән мұғалімдері (Джунусова А.С.). Үздік эссе жұмысын анықтап, мадақтама берілді.

1-9 сыныптардың сынып жетекшілері "Наурыз мейрамы" тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізді. Онда балалар мерекенің пайда болу тарихы, оның мәні, өткізу салты туралы көп нәрсе білді.

8-9 сыныптар арасында «Қонақжайлылық туралы ұлттық дәстүрлер» тақырыбында әңгімелесу жүргізілді. Киргизбай Р. К. 9- сыныптар арасында «Қазақстан туған жерім» тақырыбында кроссворленд өткізді.

Тарих пәнінің мұғалімі Киргизбай Р.К. ауыл кітапханашысы Калыкова М.С. бірлесе отырып, Рухани келісім күніне арналған 8-9 сынып оқушыларына арналған "Ұлтаралық келісім: бейбітшілік және тұрақтылық" атты дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Сонымен қатар осы бағыт бойынша сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Тәлімгер Мадениет Б «Қазақтың халық әндері», «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Кітапханашы Калыкова М.С. «Қазақстанның рәміздері» атты кітаптар көрмесін ұйымдастырды. Кітап көрмесіндегі қазақтың туған жері, салт-дәстүрі, мәдениетіне байланысты кітаптарды таныстырып, олар жайлы ақпараттар берді.

Мектебімізде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мерекесі аталып өтті. Бұл сайысқа жоғары сынып оқушылары белсене ат алысты. Сайыста әділқазылар алқасының шешімімен жеңіске жеткен оқушыларды мадақтамамен марапаттадық. Қалған қатысушыларды номинациямен марапаттадық. Сайыс өте тартысты болды. Ән айтылып, би биленді, қатысушылар өз өнерлерін көрсетті.

✓ **Отбасылық тәрбие**

Сынып жетекшілерінің отбасымен өзара әрекеттесуінің негізгі формалары-сынып жетекшілері тоқсанына бір рет өткізетін ата-аналар жиналысы. Директордың ТІЖ орынбасары басшылығымен бастауыш мектепте бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Оқу мен тәрбие - егіз ұғым» атты ата-аналар жиналысы өтті. Сынып жетекшісі Ташкенбекова А.Б.

Тәрбие жұмысының жоспары негізінде «Менің отбасым» «Мейірімділік пен құрмет күні» «Жазғы демалысты қалай өткізуге болады?» тақырыптарында бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Сондай-ақ осы бағыт негізінде ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасау мақсатында сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Мектепшілік, сыныптық ата-аналар жиналысы, әңгіме-сұхбат, ақпараттық сабақ т.б. Өткізілген іс-шараға тоқталып өтсек.

2022-2023 оқу жылында жалпы мектептік ата-аналар жиналысының саны жоспар негізінде өтті. Мектепте ата-аналар кеңесі комитетінің тізімі құрылған және комитет мүшелері өздеріне жауаптанған жұмысты істейді. Ата-ана комитетінің функциясы - педагогикалық ұжымның білім беру процесін жетілдіру жөніндегі жұмысына жәрдемдесу, мектепке сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету.

Ата-аналар кеңесінің 4 отырысы өткізілді. Отырыста комитет жұмысын ұйымдастыру, оқу жылы ішінде оқу-тәрбие процесі барысында туындайтын проблемаларды шешуде ата-аналардың белсенділік деңгейін арттыру мәселелері қаралды. Сонымен қатар ана-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргіземіз. Сабақты жні босататын оқушылардың ата-аналарымен жеке әңгіме-сұхбат жүргіземіз.

I және IV оқу тоқсандарында білім алушылардың ата-аналарына құқықтық жалпыға бірдей білім беруді ұйымдастыру мақсатында профилактика субъектілерінің өкілдерін шақыра отырып жалпымектептік ата-аналар жиналысы өткізілді. Онда «Оқушылардың психологиялық жағдайы», «Қарым-қатынасты орнату қаншалықты маңызды» тақырыптары қозғалды. Ал сыныптық ата-аналар жиналысында 1, 5 сыныптар үшін «Адаптация және адаптациядан өту жолдары», (Жетекшісі: Ташкенбекова А.Б. Муратбек А.М.) 6 сыныптар үшін «Оқушылардың әлеуметтік психологиялық тұлға сипаттамасы» (Каржаспаева З.М.) тақырыбында дәріс, 7-8 сыныптар үшін «Отбасындағы әке мен ананың орны», «Алғашқы махаббат жасы» тақырыптарында әңгіме-

сұхбат, жоғары сынып оқушылары үшін «Бұқаралық ақпарат құралдарының жыныстық тәрбиеге қатысы», «Жыныстық тәрбие қажет пе?», «Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ауру» тақырыбында дәрістер өткізілді.

Мектебіміздің психологы Киргизбай Т.К. ата-аналар қауымы үшін «Өз баламды қаншалықты танымын» тақырыбында сауалнама жүргізді. Сауалнаманың қорытындысын шығарып, ата-аналармен жұмыс жүргізді.

Мектеп әкімшілігі ауылдық учаскелік инспектормен тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарды. Мектеп әкімшілігі мүшелері мен ауылдық учаскелік инспекторы Ерік Игілікұлы. «Түнгі ауылдағы балалар» рейді жүргізілді. Рейд барысында тәртіп бұзған оқушылар мен ата-аналарына ескерту беріліп, жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында түсіндіру жұмыстарын өткізді.

Ата-аналар үшін «Ата-аналарға ақпарат» бұрышы рәсімделді және үнемі жаңартылып отырады. Онда ата-аналардың құқықтары мен міндеттері, отбасындағы баланың құқықтары, тәрбиеде қалай жетістікке жетуге болатындығы, жетекші педагогтар мен психологтардың кеңестері және т. б. туралы ақпарат орналастырылған. Директордың ТІЖ жөніндегі орынбасары Аманжолова Г.Д. жетекшілігімен және сынып жетекшілер бастауыш мектепте болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Баланы мектепке қалай дұрыс дайындау керек» деген тақырыпта ата-аналар жиналысы өткізді.

06.09-11.09.2022 күндер аралығында отбасы апталығы өтті. Іс-шаралар жоспары мектеп директорымен бекітіліп, іс-шараның барлығы орындалып, әлеуметтік желіге жүктелді. Мектеп тәлімгері Кайрбекова А.Ж «Токта, бақытты сәт!» тақырыбында 6-8 сыныптар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Жоспар негізінде өткен іс-шараның барлығында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мектеп кітапханашысы Каликова М.С. «Отбасы – Отан тірегі», «Әжемнің ертегілері» атты кітап көрмелерін жасап, баяндама оқыды. Сынып жетекшілері «Менің отбасым» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Сағынбек М.А. Муратбек А.М. «Әкем, анам және мен» атты спорттық жарыстар өткізді. Бастауыш сынып мұғалімі Кенжебаева А.К. «Мен отбасымды сүйемін» балалар суреттері байқауын өткізді. Байқауда жеңіске жеткен оқушыларды мадақтама және шағын сыйлықтар сыйлады. 9- сынып жетекшісі Каржаспаева З.М. «Отбасым – бақыт мекенім» атты демалыс кешін өткізді.

Музыка мұғалімі Есенбаев Е.Р. халықаралық отбасы күніне орай ұйымдастырылған аудандық ән байқауына қатысып, мадақтама иеленді. Сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Джунусова А.С. «Жыл отбасы» байқауының аудандық кезеңіне қатысып, алғыс хатпен марапатталып ынталандыру сыйлығына ие болды.

✓ *Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие*

Жыл бойы «Таза бейсенбілік» және «Таза сенбіліктер» жұмысы ұйымдастырылды. Мектеп тәлімгері Сариева Т.Ж. бастаған «Тимуршылар» отряды ауылдың қарт тұрғындарына көмек көрсете отырып, тимур жұмысын жалғастыруда.

Экологиялық тәрбие табиғатқа ұқыпты жауапкершілікпен қарауды дамытуды қамтамасыз ететін және экологиялық білім, дағдылар, көзқарастар мен сенімдер жүйесін қалыптастырудың мақсатты ұйымдастырылған процесі деп айтуға болады. Осы мақсатты жүйені дамыту жолында мектебімізде көптеген іс-шаралар өтеді. Қыркүйек айында мектеп аумағы абаттандырылып, көшеттер жаңартылды, дәліздерге қосымша гүлдер отырғызылды. Бастауыш сынып оқушылары күзгі орманға экскурсияға барып, жапырақтарды, ерекше ағаш бұйымдарын жинады. Күз айларында мектепте күзгі бал, қысқы демалыста Жаңа жыл мерекесі, көктем айларында Наурыз мерекесі өткізілді. Тәрбие жұмысының негізінде «Қазақстанның экологиялық зардаптары» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өтті. Сондай-ақ «Таза көше, таза ауыл» экологиялық акциясы өтті. Акцияға 5-9 сынып оқушылары белсене ат салысты.

Күзгі мерекеге орай 4-сынып оқушылары «Күзгі орманға саяхат» тақырыбында экскурсия өткізді. Сынып жетекшісі: Аманжолова Г.Д. Онда балалар табиғат аясында суретке түсіп, бейнеролик жасады. Ал даярлық тобының жетекшісі Серікбаева Д.А. «Күзгі бояулар» тақырыбында оқушылармен бірге табиғат аясына саяхат жасады. Бастауыш сынып оқушылары

арасында колонер шебер бұйымдарының сайысы өтті. Сайыста ең үздік жұмыстарды комиссия мүшелері анықтап, мадақтама мен кәдесыйларды табыстады.

Сонымен қатар әр тоқсандағы демалыс кезінде қауіпдік техникасы бойынша «Қауіпсіздік демалыстар» тақырыбында нұсқаулықтар өткізіп отырады.

«Рюкзакпен бүкіл әлемді аралау» тақырыбында 1-6 сыныптар арасында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері (Сағынбек М.А., Муратбек А.М.) дүниежүзілік туризм күніне орай 8-9 сыныптар арасында спорттық туристік шара өткізілді. Оқушылар белсене, туризм ұғымы туралы көптеген мағлұматтар алды.

Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта эстетикалық тәрбиеге көп көңіл бөлінеді: әдемі безендірілген акт залы, дәліздер мен кабинеттердегі гүлдердің көптігі т.б жұмыстар. Тәрбие жұмысының негізінде «Мамандықтар әлемі» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өтті. Ақпан айында «Мамандықтардың гажайып әлемі» акциясы өтті. Акция аясында жалпы мектептік іс-шаралар өткізілді: «Мен таңдаған мамандық» шығармалар байқауы, «Мамандықтар әлемінде» кроссвордтар байқауы; 5-7 сыныптар үшін «Менің ата-анамның кәсібі» суреттер көрмесін ұйымдастырды.

Кәсіптік бағдар беру бойынша үлкен жұмысты сынып жетекшілері жүргізді. Олар мамандық таңдаудағы алғашқы кеңесшілер. Суреттер, қабырға газеттері байқауы өткізілді. Осы бағыт бойынша сынып сағаттары мен ата-аналар жиналыстары өткізілді. Атап айтар болсақ, 1-4 сыныптарда «Мамандық – болашақ кепілі» тақырыбында әңгімесу сабағы өтті. Балалардың өздері ата-аналарының мамандықтары туралы айтты. Кәсіптік бағдар беру жұмыстары бойынша Ақкөл аудандық агро-техникалық колледж мамандары келіп, 9- сынып оқушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізді. Өзін-өзі анықтау және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға кәсіптік бағдар беру бойынша сабақтар өткізді.

Қаржылылық сауаттылық бойынша география пәнінің мұғалімі Есенбаев Е. Р. 5-7 сыныптарда «Экономика маңызды ма?» викторина, 8-9 сыныптар үшін «Өз өміріңді жоспарлаулы және қаражат мүмкіндігіне қарауды үйрен» тақырыбында дәріс сабағын өткізді.

✓ ***Зияткерлік тәрбие, интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениеттерді***

Аталмыш оқу жылының 1 қыркүйек - Білім күнін «Кел балалар, оқылық» тақырыбында салтанатты жиынмен бастадық. Жиында мектеп табалдырығын тарыдай болып аттаған 1 сынып оқушылары мен 9 сынып оқушылары қатысты. Кеңес ауылының мектеп директоры бұлдіршіндерге құттықтау тілегін жолдай отырып, «Әліппе» кітабын табыстады. Сондай-ақ кішкентай бұлдіршіндерімізге 9 сынып түлектері өлең-жырларын арнап, шағын сыйлықтарын берді.

Мектеп психологы Ташкенбекова А.Б «Тәрбие өте маңызды» атты турнир ұйымдастырды. Мектеп кітапханашысы әр өткен сайыста кітап көрмесін жасады. Салауатты өмір салтын сақтау тақырыбы бойынша «Кір қожалақтар қайдан пайда болады?» атты саяхат-ойын сабағын өтті.

Осы бағыт негізінде акциялар да өтіледі. Мектеп ұжымы мен оқушылар арасында «Ғаламторсыз бір күн» акциясы, «Таза бірге Қазақстан» акциясы ұйымдастырылды.

✓ ***Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие***

"Мұрағат" мектеп мұражайының жұмысы балалардың бойында патриотизм, интернационализм сезімін тәрбиелеуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, аға ұрпаққа деген құрмет сезімін тәрбиелеуге, еңбекке ұқыпты қарауға, батырлар мен Отан қорғаушыларға құрмет көрсетуге тәрбиелеуге көмектеседі.

Мұражайда ҰОС ардагерлері туралы стендтер, Отан қорғаушыларды еске алу кітабы, фотосуреттер, марапаттау кітаптары, ардагерлеріміздің хаттары да бар.

Бастауыш сынып мұғалімі бастауыш сынып оқушылары арасында дарынды балалар күнін өткізді. Балалар музыка, сурет салу, би саласында өз қабілеттерін көрсетті. Ең дарынды қазылар алқасы сыйлықтармен марапатталды. АӘД және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі 8-9 сынып оқушылары арасында "Отанды қорғау парызым" әскери-спорттық мерекесін өткізді. Балалар жүгіру, секіру, еденнен итеру, жер бедеріне бағдарлау бойынша жарысты. Кітапханашы Калыкова М.С. 5-9 сынып оқушылары арасында "Қазақстан кеше, бүгін, ертең" атты ақпарат сағатын өткізіп, "Менің елімнің жетістіктері" көрмесін ұйымдастырды.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Джунусова А.С. «Қазақстан халықтарының тілдері» тақырыбында өзге ұлттар арасында әңгіме сабағын «Біз әр түрлі болғанымыз достығымызға келергі емес» тақырыбында шығарма байқауын өткізді.

Тәрбие жұмысының жоспары негізінде «Қазақстан халқының бірлігі күні» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өтті. Сонымен қатар тарих пәнінің Киргизбай Р.К. 9- сыныптар арасында «Өмірімде дін қандай орында?» сұрақтары негізінде «Діннің әлемдегі орны» дәріс сабағын және «Туған жеріңді білесің бе?» тақырыбында викторина өткізді.

Мектебіміздің оқушылары флешмобқа белсене ат салысты. Жасалған жұмыстар әлеуметтік желіге жүктелді.

✓ *Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты*

Жыл бойы СӨС насихаттау бойынша жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған "Назар аударыңыз, балалар!"(жолдағы мінез-құлық мәдениеті, ЖҚЕ ережелері, құқық бұзушылықтардың алдын алу), Денсаулық Фестивалі, спорттық іс-шаралар тақырыптық апталар мен онкүндіктерге арналған іс-шаралар өткізілді.

Тәрбие жұмысының жоспары бойынша «Жаман әдеттер және олармен қалай күресуге болады?», «Біз АКТҚ/ЖҚТБ-ға қарсымыз», «Нашақорлыққа жол берме», «Темекі және ішімдік», «Энергетикалық сусындар және оның салдары», «Денсаулық құпиялары» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті.

7-9 сынып оқушылары арасында «Өмір сүру кереметі!», "Есірткіге жол жоқ" тақырыбында дәріс сабағы медбике Қошқарова З.БІ. басшылығымен санбюллетень шығарылды.

Оқу жылының басында мектепшілік «Денсаулық фестивалі» жылда дәстүрге айналды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің жетекшілігімен оқушылар әр түрлі спорттық жарыстарға қатысады.

Жеңіс күніне орай мектепшілік «Соғыстың барлық ардагерлеріне арналады» атты спорттық сайыстар және «Алға, тек қана алға!» тақырыбында әскери-спорттық сайыс, «Спорт – біздің болашағымыз» спорттық эстафета өткізді.

Мектеп медбикесі осы бағытта ұлдар үшін «Ұлдар мен қыздардың арасындағы қарым-қатынас», «Ерте жыныстық қатынастар, зардаптар» тақырыбында, қыздар үшін «Ерте жүктілік», «Алкогольдің және басқа да зиянды заттардың қыздардың өміріне кері әсері» тақырыбында дәріс сабағын өткізді. Және де «Дұрыс тамақтану туралы», «Тұмаулардың алдын алу жолдары» тақырыбында әңгіме сабағын өткізсе, 24-наурыз – Бүкіләлемдік туберкулез күніне орай ашық диктант жұмысын жаздырды. Оқу жылы ішінде мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару жұмысына тартылды.

Информатика мұғалімі Мадениет Б. бірге нашақорлықтың салдары туралы слайдтар мен бейнефильмдерді көруді ұйымдастырды. 8-сынып оқушылары арасында "Тәуекел және қорғау" шағын шығармалар байқауы өтті. Балалар нашақорлықтың салдары туралы слайдтарды қарады. Кітапханашы Калыкова М.С. нашақорлыққа қарсы күрес туралы ақпараты бар кітаптар көрмесін дайындады.

Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі комиссия құрылды. Қолайсыз отбасыларға арналған жеке карталар бар. Барлық кәмелетке толмағандар сыныптар мәдени-бұқаралық, спорттық іс-шараларға, секцияларға қатысады. Оқу жылы ішінде кәмелетке толмағандардың қылмыс мәселелері бойынша ата-аналармен кездесулер ұйымдастырылды. Жыл бойына мектеп әкімшілігі учаскелік инспектор Ерік Игілікұлы. пен бірлесіп кешкі уақытта 22:00 – 01:00 рейд жүргізді.

Жалпыға бірдей құқықтық оқыту

Апта сайын сынып сағаттарында құқықтық тәрбие сабақтары өткізіледі.

Тақырыптық әңгімелесу дәрістерін ұйымдастыру, әкімшілік-қылмыстық заңнама нормаларын түсіндіру, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен оқушылардың кездесулерін ұйымдастыру.

Учаскелік инспектор Каленов Ф. келесі әңгімелер өткізді:

- "Құқық бұзушылықтың алдын алу" (7-9 сыныптар);

- "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу" (8-9 сыныптар);

- "Бақылардың құқықтары мен міндеттері" (5-9 сыныптар);
- "Кәсіптік тұлғалардың маң адымдығы жауапкершілігі" (8-9 сыныптар);
- "Демалыс кезінде бақылардың қауіпсіздігінің алдын алу".

Сонымен қатар «Өзін-өзі басқару» ұйымының 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары бар. Мектеп директорымен бекітілген. Әр ай сайын атқарылған жұмыстарды әлеуметтік партияларға жүктеп отырады. Мектебіміздің Президенті 9 сынып оқушысы Темір Жантұбыл өз қызметін абыройлы атқарып келеді. Әр мереке сайын бастауыш, орта буын сынып оқушыларына іс-шаралар ұйымдастырды.

Сондай-ақ қамқорлық кеңесі де өз деңгейінде жұмыс атқарып келеді. Қамқорлық кеңесінің құрамында 9 адам бар. Кеңес құрамының мүшелері әр отырыста өз ұсыныстарын айтып, өз тараптарынан қамқорлық көмектерін көрсетіп отырады. Сонымен қатар, әр ай сайын мектеп асханасын, тағамдарды жүйелі түрде тексеріп, бақылап отырады. Мектеп директорының бекітуімен арнайы бригадалық комиссия құрылды.

Мектептің тәрбие жұмысы жүйесіндегі маңызды буын қосымша білім беру жүйесі болып табылады. Мектептің бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру, білім беру сапасын арттыру және дамушы ортада мектеп оқушыларының тұлғасын қалыптастыру процесін жүзеге асыру мақсатында сабақтан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды. Сабақтан тыс іс-шаралар білім алушылардың шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ оқушылар арасындағы құрық бұлушылықтардың алдын алуға үлкен көмек көрсетеді және базалық білім берудің тек, бірін-бірі толықтыратын компоненті болып табылады. Мектепте оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру негізінде үйірмелер, спорт секциялар және сыныптан тыс іс-шараларда білім алушылардың мүмкіндіктерін іске асыру үшін қолайлы орта құрылды.